

«8D07102 – Жылу энергетикасы» білім беру бағдарламасы бойынша
PhD докторы ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған
Колдасова Гульзира Айнадиновнаның
**«Сутегін қосу арқылы төмен калориялы газдарды энергетикалық
пайдаланудың тиімділігін жоғарлату және зерттеу»** тақырыбында
дайындаған докторлық диссертация жұмысына
отандық ғылыми кеңесшісінің

ШҚІРІ

Г.А. Колдасованың диссертациялық жұмысы Ғ. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің Жылу энергетикасы және физика кафедрасында орындалды.

Колдасова Г.А. 1996 жылы ҚазХТИ «Отын мен көмірсутек материалдарының химиялық технологиясы» («Химическая технология топлива и углеводородных материалов») мамандығына түсіп, 2001 жылы М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетін бітіріп, «инженер-химик-технолог» біліктілігін алған. 2015 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне «6M070800 – Мұнай-газ ісі» мамандығы бойынша магистратураға түсіп, оны 2017 жылы бітіріп «техника ғылымдарының магистранты» академиялық дәрежесін алған. 2019 жылы «8D07102 – Жылу энергетикасы» білім беру бағдарламасы бойынша Ғ. Дәукеев атындағы АЭЖБУ-не докторантураға түсіп, 2021-2023 жылдар аралығында бала күтімі бойынша академиялық демалыста болып, 2023 жылы докторантураның 3 курсына жалғастырып, 2024 жылы докторантураны бітірген.

Колдасова Г.А. диссертациямен жұмыс істеу барысында өзіне қойылған міндеттерді өз бетінше шеше алатын сауатты маман ретінде көрсетті, жауапкершілігі жоғары және еңбекқор. Колдасова Г.А. эксперименттерді жүргізуге, эксперимент нәтижелерін өңдеуге, сондай-ақ теориялық әзірлемелер мен есептеулерге, өнертабыстарға өтінімдерді рәсімдеуге және ғылыми мақалалар жазуға тікелей өзі қатысты.

Жұмыс барысында Колдасова Г.А. ИРН АР14872041 «Қазақстанда газтурбиналық қондырғылардың экологиялық қауіпсіздігі мен жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында ГТҚ жаңа жану камераларының фронтальды құрылғыларын әзірлеу және зерттеу» тақырыбы бойынша ҚР ҒЖБМ мемлекеттік гранттық жобасының ғылыми-зерттеу тобының мүшесі болып, әдеби шолу, патенттік ізденістер жүргізу және эксперименттер жүргізу бойынша өзінің ғылыми біліктілігін көрсетті.

Докторанттың зерттеу жұмысы төмен калориялы газдармен жұмыс істейтін энергетикалық қондырғылардың тиімділігі мен экологиялық қауіпсіздігін арттырудың өзекті ғылыми-техникалық мәселесіне арналған. Бұл тақырып «жасыл» энергетикаға көшу, жаңартылған және қайталама энергия ресурстарын пайдалануды кеңейту және атмосфераға парниктік газдардың шығарындыларын азайту бойынша маңызды болып табылады.

